



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 тамыз

Валюта нарығындағы ахуал туралы


Таңертеңгі сессиядағы сауда-саттық нәтижелері бойынша 2018 жылғы 13 тамызда теңге бір АҚШ доллары үшін 363,15 деңгейіне дейін немесе өткен күнмен салыстырғанда 1,8%-ға әлсіреді. Теңгенің мұндай әлсіреуі дамушы елдер валюталарының жалпы әлсіреуі аясында болып отыр.

Геосаяси шиеленіс, сондай-ақ АҚШ-тың бірқатар дамушы елдерге (Ресей, Қытай, Түркия) қатысты протекционистік және санкциялар салу саясаты дамушы елдер валюталары әлсіреуінің негізгі себептері болып табылады, бұл дипломатиялық қатынастардың ушығуына әкеп соғуда.

Сонымен қоса, экономикасындағы жағымды үрдістер аясында АҚШ ФРЖ-нің пайыздық мөлшерлемелерінің өсуі жөніндегі күтулер салдарынан әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының жалпы нығаюы байқалады. Мұндай факторлар жинақтала келіп, капиталдың дамушы нарықтардан дамыған нарықтарға көшу үрдісін қалыптастырды.

Қазіргі уақытта бағам іргелі факторлар ықпалымен белгіленіп жатыр. Ұлттық Банк валюта нарығындағы ахуалға үнемі мониторинг жүргізіп отырады және қажет болған жағдайда теңге бағамының айтарлықтай және тұрақсыздық туындататын қысқа мерзімді ауытқуларын реттеуге бағытталған өктемдіктерді жүзеге асыруға дайын.

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2018 жылғы 10 тамыз -13 тамыз)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz